



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Эстетика ғылым ретінде





Жоспары:

1. Эстетиканың пәні мен міндеттері. Эстетиканың қарастыру аясы, эстетика мен әлемнің өзара қатынасы
2. Эстетиканың қажеттілігі
3. Эстетиканың көркем шығармашылыққа қатынасы

1. Эстетиканың пәні мен міндеттері. Эстетиканың қарастыру аясы, эстетика мен әлемнің өзара қатынасы

Құрметті тыңдаушылар! «Эстетика» бойынша дәрістер курсы Юрий Боровтің «Эстетика» оқулығы негізінде жүргізіледі. Автор өз оқулығында «Эстетика» саласына өзіндік тұрғыдан келеді, яғни, бұл курсты баяндау барысында өзгеше ыңғай ұсынып, курс мазмұнын жеке көзқарас аясында құрастырады. Эстетиканы қарастыруды, дәстүрлі түрде оның пәнін анықтаудан бастаймыз. Кез-келген ғылымның қалыптасу үдерісі ұзақ әрі күрделі болып табылады. Әлеуметтік құбылыстарды қарастыратын ғылымдарға қатысты айтатын болсақ, олар тіпті ерекше қиындықтарға тап болады, себебі, қоғамдық үдерістер өзгермелі және санасы мен еркі бар, адамдар қызметі арқылы жүзеге асырылады. Әрбір ғылымның тарихында өзін-өзі айқындайтын кезеңі болады, демек, өзінің ерекше, арнайы зерттеу пәнін тапқан соң, алдыңғы дамып оытқан білім жүйесінен бөлініп шығады. Эстетиканың ерекшелігі ол екі білім жүйесінде дамыған, жеке ғылым саласы ретінде анағұрлым кеш рәсімделген. Әдетте эстетиканың ғылым ретінде өзін-өзі айқындауын 18 ғасырдың ортасындағы неміс ойшылы Баумгартеннің қызметімен байланыстырады. Алайда, эстетика тарихын қарастыру барысында біз мифологияға, Платон мен Аристотель, Әулие Августин, Леонардо да Винчи және тағы да басқа ойшылдардың философиялық ілімдеріне назар аударамыз. Эстетикалық ілімдер тарихы негізінен эстетиканық қалыптасу үдерісі болып табылады. Эстетика пәні бұрынғы бүкіл адамзат мәдениетінің тарихында дамыған деген пікір айтуға болады. Эстетика кез-келген басқа ғылым сияқты жалпылау үдерісінде, практиканы тұжырымдауда туындады. Әрине, ең бірінші көркемдік практика, себебі, ең алғаш эстетикалық қызметтің жеке формасы ретінде өнер бөлініп шықты.

Эстетика ғылымының териялық негізі Аристотель ілімінен бастау алады, ол алғаш рет әсемдіктің ерекшелігі туралы мәселе көтерген болатын, яғни, бұл эстетиканың өзін-өзі айқындауына мүмкіндік берген маңызды теориялық мәселенің бірі. Сонымен қатар, Аристотель эстетика тарихында бірінші болып өнерді түр мен жанрларға бөледі. Бұл бір жағынан, антика өнерінің жоғары дәрежеде дамығандығын көрсетсе, екіншіден, эстетикалық теорияның жоғары деңгейін де байқатады.

Юрий Боровтың пайымдауы бойынша: «Эстетика философияның маңызды бөлімдерінің бірі, табиғаттың әр түрлі құбылыстарының, адам өмірінің, өнерінің сезімтал бейнесін, айқындығын, сұлулығын ашумен байланысты адамның шынайылыққа деген шығармашылық, көрнекі, көркемдік көзқарасын білдіретін жалпы теориялық білім саласының бірі. Эстетика ғылым ретінде әдемілікті түсінуге негізделген адамның әлемге танымдық ерекше, пайданы көздемейтін, демек утилитарлық емес әдісін зерттейді».

«Эстетика» сөзі ежелгі грек «aisthetikos» сөзінен шыққан, яғни «сезімдік, сезімдік қабылдауға қатысты» дегенді білдіреді. Бұл терминді 1735 жылы «Поэтикалық шығармаға қатысты кейбір сұрақтар туралы философиялық ойлар» жұмысында эстетиканы сезімдік таным туралы ғылым ретінде айқындап, жариялаған, алғаш ғылыми айналымға енгізген неміс философы Александр Баумгартен (1714-1762). Эстетика әсемдікті түсінетін сезімдік таным, өнер туындыларын құру және қабылдау заңдары туралы ерекше ғылым. А. Баумгартеннің ойынша, эстетикалық білім бірнеше бөлімнен тұрады, олар: 1) заттар мен ойдағы сұлулық туралы 2) өнер заңдары туралы 3) эстетикалық белгілер туралы.

Қазіргі уақытта «эстетика» ұғымы тек ғылыми тілде ғана емес, күнделікті өмірде де жиі қолданылатын сөздердің біріне айналды: бүгінгі күні тұрмыс эстетикасы, интерьер және дизайн эстетикасы, киім эстетикасы, мінез-құлық эстетикасы туралы айту орынды. Осы ретте, Қазақстандағы философияның эстетика саласының негізін қалаушы деп айтуға болатын, философия ғылымдарының докторы, профессор Бәтін Қазыханова «біздің бүгінгі бақытты өміріміздің өзі бір ұлы мұхит тәрізді үлкен әсемдік әлемі десек жараспай ма? Бізде бәрі де әсем. Әңгіме жақсыға ұмтылу, жақсыны көре білу, содан сезініп, ләззат ала білуде. Адамдарымыздың қоғамдық қызметі, күнделікті жұмысы, жеке өмірі бәрі де эстетикамен тығыз астасқан. Онсыз әрбір адамның, тіпті бүкіл қоғамның мәдени жағынан өсіп дамуы мүмкін емес» деп атап өтеді. «Эстетика» терминін философиялық ғылым аясынан тысқары пайдаланудың алуан түрлілігі оның мазмұнының тереңдігі мен мәнінің толыққандылығының көрінісі болып табылады.



Алайда, «эстетика» түсінігі күнделікті өзара тілдесуде және ғылыми терминологияда қолданылатын семантикалық мағыналардың әртүрлілігіне қарамастан, оның барлық нұсқаларында күнделікті тұрмысқа қажетті заттар, табиғат құбылыстары, қоғамдық өмірдің оқиғалары мен көркем шығармалардың сезімтал мәнерлі сапасын көрсетеді және бейнелейді.

А. Баумгартен дәл осы шынайылыққа эстетикалық қатынастың сезімдік астарын атап өтіп, көңіл аударған болатын.

Эстетика тарихы көптеген ғасырлардан бері келе жатыр. Бұл ғылымның дамуы барысында эстетикалық көзқарастар ғана емес, сонымен бірге зерттеген мәселелердің ауқымы, оның пәні мен міндеттері де өзгерді. Осы туралы автор әлемдік мәдениет тарихынан түйіндемелік түсіндірме көрсетеді:

1. Эстетика философияның бір бөлігі болды және бүкіл әлем бейнесін қалыптастыруға қызмет етті (грек натурфилософтары, пифагоршылар);

2. Эстетика сұлулық пен өнер табиғатының және жалпы философиялық және поэтикалық мәселелерін қарастырды, оның тәжірибесін жинақтау міндетін қойды (Аристотель);

3. Этикамен тығыз байланыста болды (Сократ);

4. өнер арқылы Құдайға қызмет етуге адамды бағыттауға тырысатын теология бөлімдерінің бірі болып шықты

(Тертуллиан, Фома Аквинский);

5. Оның тақырыбы – табиғат пен өнер арасындағы қарым-қатынас болды (Леонардо да Винчи);

6. Эстетика өнер нормаларын қалыптастыруға ұмтылды (Буало);

7. Өнердегі әлемді сезімдік таным ерекшеліктерін қарастырумен айналысты (Баумгартен);

8. Эстетика пәні «әдемілік патшалығына» дейін, қатаң түрде айтсақ, «өнерге, әрбір емес, бейнелеу өнеріне» дейін тарылды, эстетиканың міндеті әлемдік рухтың жалпы жүйесіндегі өнердің орнын анықтау болды (Гегель);

9. Бұл ғылым адамның эстетикалық қатынасының әртүрлілігін шындыққа қарай қарауға бағытталған (Чернышевский);

10. Ол өнердегі белгілі бір бағыттың теориялық негіздемесін өз міндетіне қойды: романтизм (Новалис), реализм (Белинский, Добролюбов, Чернышевский).

Егер эстетиканы бүгінгі күндегі ғылым ретінде дәлелдейтін болсақ, оның тақырыбының не екенін анықтауымыз керек. Ғылым пәні – бұл ғылым айналысатын шынайылық саласы болып табылады. Ғылымның пәнін тану және нақты түсіну осы ғылымның қарастыру аясы, оның объектілері мен құбылыстары, оның тікелей мүдделеріне не кіретіні туралы сұрақтарға нақты жауап беруге мүмкіндік береді.

Бұл кез-келген ғылыми білімнің өзін-өзі бірегейлендіруінің қажетті шарты. Алайда, эстетикаға қатысты тақырыпты айқындау көптеген объективті себептерге байланысты оңай болмайды, оның ең маңыздысы эстетика философиялық пәндерге жатады. Осыған байланысты эстетикалық зерттеу тақырыбы әлі күнге дейін жиі қайталану түрінде кездеседі, эстетикалық зерттеулер «адамның эстетикалық қарым-қатынасы», «эстетикалық құндылықтар», «жалпы алғанда эстетикалық» және т.б. зерттейді.

Заманауи эстетика әлемдегі көркем тәжірибені жинақтайды. Әр ғылымның тақырыбы – бұл ғылымның алдына қойған міндеттерін шешуге байланысты белгілі бір көзқараспен қаралған әлем. Эстетиканың пәні – өзінің құбылыстарының жалпыадамзаттық маңызы, яғни, эстетикалық құндылығы тұрғысынан алғанда оның эстетикалық байлығымен бірге бүкіл әлем болып табылады.

Эстетика пәні сонымен қатар өнерге тікелей немесе өнерге ғана жатқызуға болатын эстетикалық белсенділік түрлерін қамтиды – тек пайдалы емес, сондай-ақ әдемі нәрсені модельдейтін қызметті де осыған жатқызуға болады.

Осы тұрғыда, әсемдік барлық салаға да қатысты екендігін естен шығармаған дұрыс. Теореманың әдемі дәлелденуін іздейтін немесе фракталды ойлап табудың әсемдігін көздейтін математик сезімі де эстетикалық қызметке жатады. Бұл турасында француз математигі Жак Адамар ғылыми жұмыс барысында пайда болатын эстетикалық сезімдер туралы былай жазды:

«Сана-сезімге математикалық дәлелдермен байланысты болғанда ғана ойлану таңқаларлық нәрсе болуы мүмкін, бірақ бұл математикалық сұлулықты, геометриялық мәнерлілік сандары мен формаларының үйлесімділігін ұмытып кетуді білдіреді. Бұл барлық нақты математиктерге таныс шынайы эстетикалық сезім. Мұнда шынымен сезім бар». Эстетика – өнер туындысы түрінде ғана пайда болмайтын, талғам, эстетикалық эмоциялар, көріністер және т.б. сияқты объектендірілмеген, заттандырылмаған эстетикалық қызмет формаларын да зерттейді. Сондықтан эстетиканы өнердің эстетикалық және көркемдік



Кітап: Эстетика
Дәріс: Эстетика ғылым ретінде
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

қасиеттерін ашып көрсететін ғылым ретінде ғана есептеуге болмайды. Эстетика – жалпыға ортақ адами құндылықтардың мәні, олардың туылуы, болу, қабылдау және бағалау, адам қызметінің кез-келген кезеңінде әлемді эстетикалық меңгерудің жалпы қағидаттары туралы және ең алдымен эстетикалық табиғат пен оның алуан түрлілігі, шығармашылықтың мәні мен заңдылықтары, өнерді қабылдау, қызмет ету және дамыту туралы философиялық ғылым.

Қазақстандық мәдениеттанудың көрнекті өкілі профессор Тұрсын Ғабитов: «мәдениеттің тіршілік етуінің үш өлшемі бар, яғни, мәдени үдеріс субъектісі – адам, объектендірілген қабілет пен дарын болып табылатын – мәдени құндылықтар және аталмыш қоғамда мәдениеттің қандай құндылықтары, қалай жасалады, игеріледі, бөлініске түседі және қайта өндірілетіндігін анықтайтын рухани өндіріс механизмдері» деп атап өтеді.

Осы ретте, қазақ эстетикасы туралы да айтып өтуге болады. Ол — адам мен әлемдегі әсемдік пен сұлулық туралы қазақ халқының ұлттық көркем мәдениетін зерттейтін философиялық пән. Қазақ халқының қалыптасу барысындағы эстетикалық ой-пікірлерінің дамуы бірнеше кезеңдерден өткен. Халықтың эстетикалық құндылықтары алдымен фольклорда — тұрмыс-салт жырларында, аңыздары мен мифтерінде, батырлық және лирикалық эпоста көркем формада баяндалған. Қазақтың төлтума эстетикалық мәдениеті хандық дәуірінде қалыптасты және акын-жыраулар шығармашылығында өзінің шарықтау шыңына жетті.

2. Эстетиканың қажеттілігі

Қазақ халқының эстетикалық мәдениетін зерттеуші Бәтінш Қазыханова «Адамдардың сырт келбетінде, олардың қарым-қатынастарында, киімінде, үйлерінде, олар жасап шығаратын заттарда, олардың тілі мен өнер туындыларында – осының барлығында олардың эстетикалық мәдениетінің ерекшеліктері, негіздері көрініс табады» деп атап өтеді. Демек, қай кезеңде, қай салада болмасын эстетиканың қажеттілігі сөзсіз.

Ғалым-эстетиктерден басқа эстетика кімге қажет деген сұрақ та туындауы мүмкін. Заттық-практикалық қызмет, яғни, адамның түр ретінде тіршілік ету тәсілі – еңбектің нәтижесінде екі өнім алынды деп тұжырымдауға болады, бірінші – адамның өмірі өтетін мәдениет әлемі, екінші – шығармашылық мүмкіндіктер мен индивид қажеттіліктері ашылды. Осылайша қоғамдық-тарихи тәжірибе адамның сұлулық заңдарына сәйкес әлемді өзгертуге қабілеттілігінің пайда болуы мен дамуына мүмкіндік берді, сол арқылы адамның өзінде эстетикалық сезім, талғам мен идеалдар қалыптасты. Эстетика – дарындылықты біліммен нығайту арқылы шығармашылыққа тікелей және жанама түрде әсер етеді. Кез-келген өнер иесі үшін эстетикалық білімнің болғаны абзал. Мәселен, ақынға әлемнің көркемдік концепциясы қажет. Бұл суреткердің жинақтаған білім қоры ғана емес, табиғат пен қоғамды бақылаудан, яғни, өмірдің өзінен, адамзаттың мәдениетін игеру, әлемге белсенді қарым-қатынастан туындайды. Көркемдік концепция, өз кезегінде солардың әсерінен қалыптаса отырып, дарын мен шеберлікті бағыттайды, әлемді тану ерекшеліктерін, өмірлік қажеттіліктерді анықтайды. Сонымен бірге, эстетика арқылы жүйелі өрнек беретін көркемдік тұжырымдамасының қабаты суретшінің шығармашылығына тікелей әсер етеді. Эстетика өнерді қабылдаушы көпшілікке, яғни, қоғамға да қажет. Әрине, әріптен сөз құрау үдерісінің өзінен рахаттану арқылы, сюжеттің қызығына елітумен де кітап оқуға болады. Бірақ, шығарманың түп тереңі, суретшінің бейнелі ойының мәні тек теориялық дамыған санаға ғана ашылады. Өнердің бұлай игерілуін тәрбиелейтін – эстетика. Өнер жоғары рухани тәжірибе – эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік береді. Алайда, өнерден толыққанды және терең ләззат алу көркемдік білімсіз мүмкін емес, ал бұл – эстетика болып табылады. Кез-келген адамда күнделікті өмірде көрген фильмін несімен ұнағанын түсіндіру үшін, кейіпкердің сахнада таңғалдырған әрекетін суреттеу үшін немесе қандай киім жарасатындығын таңдау барысында теориялық сұрақтар туындайды. Әлемді игеру эстетикалық формада жүзеге асырылады. Адам қызметі белгілі бір эстетикалық идеялар, көзқарастар, ұстанымдар негізінде жүреді. Эстетика адам бойында шығармашылық бастама мен әсемдікті қабылдау қабілетін қалыптастыра отырып, еңбекке, тұрмысқа, өндіріске енеді. Өнер рухани-тәжірибелік, ал эстетика теориялық тұрғыда жалпыадамзаттыққа көңілді шоғырландырады, олар өте өзекті, себебі әлемде келісімсіз болашақ болмайтындықтан, адамдардың бірігуіне ықпал етеді. Эстетика және өнер – әлемдік мәдениет пен адамзаттың гуманитарлық тәжірибесінің негізгі бағыты болып табылады.

Юрий Боров өзінің еңбегінде «Эстетиканың көркем шығармашылыққа қатынасы» туралы да атап өтеді.

Эстетика нормативті, себебі ол өнердің өзінің заңдарын жинақтаушы. Оның қорытындысы объективті



Кітап: Эстетика
Дәріс: Эстетика ғылым ретінде
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

заңдардың күшіне ие. Алайда, өнер заңдары абсолютті емес, тарихи тұрғыда өзгермелі. Қандай өнер иесі өзінің саласына жаңалығын енгізе алады. Алайда ол, адамзаттың алдыңғы көркем тәжірибесі шоғырланған заңдарды жоққа шығара алмайды. Ол тек жаңа шынайылыққа, жаңа тәжірибеген негізделген түзетулер енгізеді немесе жаңа заңдар жасайды (ашады). Қазіргі заманғы тарихи эстетика өнерді және оның ерекшеліктерін олардың қозағылысында түсіндіреді.